

Бекітемін:

Бастауыш сыныптар жөніндегі

оқу ісінің орынбасары:

С.Мырзағалиева.

Сәуір айының III аптасының 11 - 15 аралығындағы шағын ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «Жер-Ана!»

Апталық тақырыбы: «Аспан әлемінің планеталары »

Мақсаты: Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту, жер біздің ортақ үй екенін мұнда өзен, көл, теңіз бен мұхит, тау, жазық дала, орман мен алқаптар бар екенін түсіндіру

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 11.04.2022	Сейсенбі 12.04.2022	Сәрсенбі 13.04.2022	Бейсенбі 14.04.2022	Жұма 15.04.2022
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.		Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың дене температурасын өлшеп, көңіл-күйлерін сұрау. Өрбір ата-анаға денсаулық сауалнамасын толтырту жұмыстарын жүргізу. (Коммуникативтілік)				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б.)		Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Қатесін тап» Тақтаға ілінген суретпен жұмыс. Смарт мақсаты: Ойлау қабілеті артады. 4К Модель. Сыни ойлау, бала үні)	Педагог жетекшілігімен ойын: «Қарап алда есіңе сақта»	Еркін ойын 4К Модель Өз қалаған ойыншықтарымен ойнату	«Тазалыққа не қажет?» №2 Мақсаты: тазалық құралдарымен, оларды неге қажет екендігін әңгімелейді.	Құрылымдалған ойын: «Бұл қандай киім?» №20 Мақсаты: Өр киімнің қай уақытта киілетінін айыра отырып оларды сипаттайды. 4К Модель
		Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)				

Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Қай қолымда көп» (4К Модель.)				
Ұйымдастырылған оқу қызметтері	Дене шынықтыру «1. Негізі қимыл:»Жүру С/Мақсаты:Жүру түрлерін орындайды. ,қимыл-қозғалыс жасайды. Жаратылыстану Тақырыбы: «Ғарыш әлеміне саяхат» С/Мақсаты: Ғарышкерлер туралы түсінігі қалыптасады. Мен ғарыш әлемінің Жұлдыз ханшайымымын,менің ғарыш әлеміне хош келдімдер.Бүгін ,балалар біз қызықты саяхатқа аттанамыз. -Балалар айтындаршы біз қайда өмір сүреміз? Нені басып жүреміз? Ал жоғарыда не бар?	Дене шынықтыру 2.Негізі қимыл: «Лақтыруға үйрету» Мақсаты:Лақтыру тәсілдерін үйренеді,жылдам қимыл-қозғалыс жасайды. Музыка Тақырыбы: Қоңыраулар сыңғыры" С/мақсаты: түрлі қарқындағы музыканы тындап музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. музыкалық ойындағы кейіпкердің қимы Шаттық шеңбері: -Балалар, біз қай ғаламшарда өмір сүріп жатырмыз? -Жер ғаламшары кімдердің ортақ үйі? -Төбемізде не бар? -Аспан әлемін қалай	Дене шынықтыру : 3. Негізі қимыл: «Лақтар»С/Мақсаты:Төмпешіктер үстінен тізені жоғары көтеріп, қолды сермеп жүреді. Тепе-теңдікті сақтайды. Қимылды музыка ырғағына сәйкес орындайды. Сөйлеуді дамыту .Тақырыбы: Жүреді, жүзеді, ұшады» (Көліктер) С/Мақсаты: жалпы көлік түрлерімен және оларды пайдалану ережелерімен танысады. Тас жолда жүретін, суда жүзетін, әуеде ұшатын көлік түрлерін ажыратады. Әдіс – тәсілдері: Түсіндіру, сұрақ – жауап,ойын т.б. Ресурстар: Суреттер, макеттер т.б Тәрбиешінің іс - әрекеті Балалардың әрекеті Ұйымдастырушылық	Сурет салу Тақырыбы:«Саңырауқұлақтар». (сюжеттік с/с) Мақсаты: Сопақша және жартылай дөңгелек пішіндерден тұратын бейненің суретін салады. Балаларды жылулық шеңберін жасау үшін ортаға шақыру. Жылулық шеңберінде тұрып, барлығы бірге өлең жолдарын айтады: Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды қаламыз, Құлпырады даламыз. Балаларға жұмбақ жасыру. Тіреумен тіреп ақырын, Көтеріп тұр шатырын. Ол не? Саңырауқұлақтар жайлы иллюстрациялық суреттерді көрсетіп, ормандағы саңырауқұлақтардың түрлерімен таныстыру. Сөздік жұмыс жүргізу. Суреттерді көріп болғаннан кейін сергіту сәтін жасату. Биік болып өсеміз, Жапырақтай жайқалып. Табиғатты сүйеміз.	Математика негіздері. Тақырыбы: Жалпақ – жіңішке. Заттарды белгісі бойынша салыстыру» С/Мақсаты: екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ені бойынша салыстырады. «жалпақ», «жіңішке», «ені бойынша бірдей» сөздерін қолданады. Сабактың көрнекіліктері: әр түрлі көлемдегі заттардың суреттері, математикалық өлшемдер суреттері, балапан дәптері мен жұмыс дәптері т б с с Сабактың барысы: 1. Ұйымдастыру а) Амандасу ә) Жүректен-жүрекке (бір-біріне жақсы тілектер айтқызу) б) математикалық

	Балалар сендер түнгі аспанды көрдіңдер ме? . Күндіз бәрі қашады, Түнде аспанды басады. (Жұлдыз) Ұшады қанатсыз Зырлайды аяқсыз (Зымыран) Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады.(Күн) Олай болса балалар зымыран, күн, жұлдыз, ай барлығы қайда орналасады? Аспан әлем Ғарыш туралы бейнебаян тамашалайық. Сергіту сәтіМузыкалы Дидактикалық ойын "Көленкесін тап" Тәжірибие : "Күн мен түн" -Балалар қазір біз ,күн мен түн қалай пайда болатының білеміз.Ол үшін бізге ерек глобус,және фонарик. Глобус ол біздің жердің кішірейтілген	атаймыз? -Аспан әлемінде не бар? Қане, бәріміз Жерімізбен, Аспанымызбен, Күнімізбен амандасайық. -армысың, қайырымды көк Аспан! -Армысың, мейірімді жер ана! -Армысың, шұғылалы Алтын күн! -Армысыңдар, қадірлі қонақтар! Балалар шаттық шеңберін жасайды. -жер -біздің -әдемі аспан әлем бар -ғарыш -Күн, ай, жұлдыз Ұйымдас-тыру - іздестіру -Балалар, ғарыш дегеніміз не? -Ғарышты кім зерттейді? -Ғарышка немен ұшады? «Кім жылдам?» ойыны. -мынау кімнің портреті? -Мына киім қалай	қозғаушы Балалар топқа кіреді. Тәрбиеші жылы жүзбен қарсы алып, амандасады.Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызады. Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң достар, Қайырлы таң қонақтар! Балалар амандасып, шаттық шеңберіне тұрады. Бір – біріне жылу сыйлап, ыстық лебіздерін, тілектерін жолдайды. Ұйымдастырушылық – ізденушілік - Балалар қазір жылдың қай мезгілі ? -Көктем айларын атайықшы. Қазір көктем мезгілінің қай айы? -Қазір жылдың көктем мезгілі. Қазір сәуір айы. Сәлематсыз ба? -Иә, иә. Балалар: -Сау болыңыз.	Денемізді тік ұстап, Билеп-билеп аламыз. Балаларға саңырауқұлақтың суретін салу тәсілін көрсетіп, қалай салу керектігін түсіндіру. Қылқаламмен бояу тәсілін қайталау. Балаларға сурет салу, бояу жұмысын орындайтын үлестірмелі материал таратып беру. Балалар алдымен үзік сызықтарды қарындашпен бастырып салады. Содан соң суретті қылқаламмен біркелкі етіп бояйды. Балаларға сурет салғанда бояуды сыртына шығармай, біркелкі бояу керектігін естеріне салу. Сурет салып болғаннан кейін барлығы бірге тыныс алу жаттығуларын жасайды. Балалардан ненің суретін салғандарын, қандай түспен бояғандарын сұрау. Барлықтарын әдемі сурет салғандары үшін мадақтау. Көркем әдебиет . Тақырыбы:»Мен ғарышкер боламын» СМақсаты: Ғарыш әлеміне түсінігі қалыптасады,қызығушылық танытады. Әдіс-	жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, санамақтар айтып балалардың зейінін сабаққа аудару. в) сабаққа қажет құрал-жабдықтарды дайындату Математика сырлары, Қызықтырды біздерді. Ойынға бірге қатысуға, Шақырады біздерді, Санамақ Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ. Оң аяқта бес бақай, Сол аяқта бес бақай. Қосып едім екеуін Болып шықты он бақай Жаңылтпаштар Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш. 2.Жаңа сабақты түсіндіру: а) Жаңа материалды өткен сабақпен байланыстырып, биіктіктерін салыстырған ағаштардың
--	---	---	--	--	--

	формасы.Ал фонарь ол күн болады. -Күн не үшін керек? -Дұрыс жарық үшін және жылу үшін. -Күн жерге жарық береді,ал жер айналып тұрады. - Күн Жерді тек қана бір жағын ғана жарық беріп тұрады. Сондықтан осы жақта күн болып тұрады. Ал екінші жағында жарық жоқ.Сондықтан бұл жақта түн болып тұрады. Мысалы :Глобустың екі жеріне белгі қойып ,глобусты айналдырумен,досым Үлдіктікалық ойын "Ғарыш сандар" Балалар біз бүгін не істедік? Не білдік? -Балалар ,егер сендерге бүгінгі саяхат ұнаса,көп қызық нәрсе сүйсендер қызыл жұлдыз алындар. -Егер сендер бәрін білсендер ,бірәк қызық болса ,сары жұлдыз алындар .	аталады? -Қазақстанның тұңғыш ғарышкері кім? -Біздің Қазақстанда ғарыш аймағы қалай аталады? -Бұл кім?(Екінші қазақ ғарышкері) -Ғарышкердің киімін неден тігеді? -Балалар, қарандаршы, қандай әдемі нәрсе! Бұл не? -Глобустың түсі қандай? -Глобустың түсі неге көк? -Глобуста әр түрлі түспен тағы нелер белгіленген екен? Жаттау: «Ұшқыш болам» Көкке ұшамын – Ұшқыш болар баламын. Соңына ерем Гагариндей ағанын. Батыр болам – Көк аспанды сүйемін. Жұлдыздарға Барып келіп жүремін.	Тәрбиеші: - Балалар, бұл сыйлық сендерге көрші ауылдан «Қызғалдақ» балабақшасынан келіпті.Ішінде не бар екенін көргілерің келе ме? Жәшіктердің түстерін сұрап, айтқызу. Тәрбиеші балалармен ақылдаса отырып, балаларды қасына кезекпен шақырып, жәшіктерді аша бастайды. Ашқан бала жәшік ішіндегі бұйымды жұмбақ арқылы айтып, қалған балалар бұйымның атауын табуы керек. Қоңыр жәшікті ашу. Нұрсәт: - Бұл – жүреді. Ағалар, әкелер жүргізеді.Түстері әр түрлі болады. Төрт дөңгелегі болады. Онымен адамдар әр түрлі қалаларға, базарға барады. Ақ жәшікті ашу. Ералы: - Бұл жүрмейді. Аспанда ұшады. Ол тек үлкен қалаларды болады. Көк жәшік ашылады. Жанерке: - Бұның дөңгелегі жоқ. Жүрмейді, ұшпайды. Тек су болса ғана болады.	тәсілдері: әңгімелеу, түсіндіру, ой қозғау, көңіл-күйді көтеру, сурет бойынша әңгіме, ойын, сұрақ-жауап, қорытынды. Көрнекілігі: слайд бойынша тақырыпқа байланысты суреттер, ғарышкерлер суреттері Сөзік қоры: ғарыш, ғарышкер, ғалам Алдын-ала жүргізілген жұмыс: балаларға ғарышкерлер туралы тақпақтар жаттату. Күтілетін нәтиже: Орындайды: Ғарыш әлеміне жасаған алғашқы сапар, ғарыш алаңы Байқоңыр, зымыран, қазақтың тұңғыш ғарышкерлері, ғарышкерлердің киімі туралы; Шаттық шеңбері. Армысың асыл күн! Армысың асыл жер! Армысың көк аспан! Армысың достарым! Жылуыңа жылу қос, Міне менің қолым! (Балалар шеңберге жиналып, қызығушылықпен айтады). - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Көктемде табиғат қандай	жуандықтарын салыстырумен сабақты бастаймын. Ағаш діндерін салыстырып, жуан-жіңішке ұғымдарымен таныстырамын. ә)Оқулықпен жұмыс. Оқулықпен жұмыс істемес бұрын балалардың үстел үстінде жатқан үлестірімелі көрнекіліктерге көңіл аударып, онда әр түрлі суреттер бейнеленген өздеріне сұрақ қою арқылы жауап алу. -Көше бойындағы жолдарды атап берші? -Жіңішке жол, жалпақ жол -Қандай кітаптар жатыр? - Қалың кітап, жұқа кітаптар -Қандай ағаштарды көріп тұрмыз? -Емен ағашы жуан, қайың ағашы жіңішке. -Қысқы киім қалың, жазғы киім жұқа.т б с с
--	---	--	--	--	--

		Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: « Жолда жүру ережесі» С/Мақсаты: жолда жүру ережелерімен танысады. Жолдың жиегіндегі жолдан ата-аналардың көмегімен өту қажеттігін, жаяу адамның көлікті аялдамада күтетіндігі туралы әңгімелейді	-Юрий Гагарин -Скафандр -Токтар Әубәкіров -Байқоныр -Талғат Мұсабаев -Түйенің шудасынан -Бұл біздің жердің кішірейтілген макеті – глобус. -Көлдер, таулар, құмдар, ормандар. л-әрекетін салады.	Кейбіреулерінде желкен болады. Сұрақ – жауап арқылы машина, ұшақ, кемеңің бөлшектері, қолданылуы туралы балалардың білгендерін айтқызу, сипаттама беру.Көліктерді топтау және жалпылау. Көлік түрлерін басқаратын мамандар туралы әңгімелеу. Дидактикалық ойын: «Орын тап». Шарты:Машина, ұшақ, кемеңің суреттерін өз орындарына (жер, ауа, су) қою. Ойын қорытындысы бойынша балаларды мадақтап, көліктер туралы әңгімені жалғастыру. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрып Қанатымызды жайып Ұшақ болып ұшып, Суда жүйткіп жүзіп Кемелерді түзіп. Жол тәртібін сақтап, Машинаға мінеміз.	құбылыстарға өзгереді? - Көктемнің неше айы бар? Айларын атандар. - Сәуір айында қандай мереке бар, естеріңе түсіріңдерші? - Иә, бұл сәуір айында үлкен мереке бар. Ол – ғарышкерлер күні деп аталады. - Балалар аспаннан нелерді көруге болады? Әңгімемізді бастамас бұрын, мен сендермен мамандықтар жайында әңгімелескім келеді. Балалар, айтыңдаршы, сендер қандай мамандық түрлерін білесіңдер? (балалардың жауабы). Тәрбиеші: - Дұрыс айтасыңдар. Мұғалім, дәрігер, құрылысшы, жүргізуші, өрт сөндіруші, дүкенші, шаштараз тағы басқа көп мамандар бар екен. Әрбір мамандық адамзатқа өте қажет екен. Мысалы: дәрігер-адамдарды емдейді, мұғалім-балаларды оқытады, жүргізуші – көліктер жүргізеді, өрт сөндіруші – өрт сөндіреді. Ал бүгін біз сендермен тағы бір маман түрімен	Оқулық дәптерде берілген суреттердегі екі ағаштың жуандығын салыстырып, қайысы жуан, қайысы жіңішке екенін ажыратамыз. Енді сол ағаш кесінділерінің қалыңдығы салыстырылады. Қайсысы қалың? Қайсысы жұқа? Оны практикалық жолмен, ағаш кесінділерін балардың қолдарына ұстап, анықтауға болады. Бірнеше тақтайшаларды салыстырып береуі- жалпақ, екіншісі жіңішке екендігін анықтаймыз. Жіңішке ұғының жуан сөзіне де, жалпақ сөзіне де қарсы мағыналы сөз екендігі түсіндіре кетемін. Ұғымдарды тиянақтау мақсатында екі қарындаштың жуандығын, кітап пен дәптердің қалыңдығы, екі сызғыштың
--	--	---	---	--	--	--

				танысамыз – бұл ғарышкер - Ғарышкерлер дегеніміз кімдер? - Ғарышкерлер дегеніміз – олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар Балаларға ғарыш туралы түсінік беру. - Мынау аспан әлемі. Аспан әлемінде көптеген жұлдыздар, шок жұлдыздар бар. Аспан әлемінде 9 ғалам бар. Сол ғаламның үшіншісі Жер деп аталады. Ал біздер сол Жер ғаламында өмір сүреміз. - Балалар сендер қандай әуе көліктерін білесіңдер? - Иә, ғарышкер ағаларымыз ғарышқа зымыранмен ұшады екен. Оны ғарыш кемесі деп те атаймыз. (зымыран суреті мен макетін көрсету). Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. Біз бүгін ғарышкер ағалармен, аспан әлемімен танысамыз. Слайд арқылы әңгімелеу. (суреттерін көрсете отырып) Ең бірінші адамдар айға ұшпас бұрын тірі дененің баруы үшін Лайка деген итті ғарышқа ұшырған екен. Жерге қонғаннан кейін оның денесіне, қанына тексеру	жалпақтығын салыстырамыз. Тапқышбек тапсырмасындағы балалардың киімдері (калын-жұқа) үстел бетінің жалпақтығы салыстыртып айырмашылығын өздеріне айтқызу. Дәптермен жұмыс Дәптерде көрсетілген үлгідегі үзік сызықпен берілген заттардың суретін бастырып, бояйды. Жұмысты орындау кезінде бала, өз салған заттардың қалыңдығын, жалпақтығын, жуандығын көз мөлшермен, әр торкөзбен есептеп салыстыруды жетілдіреді. Ойындар «Өз пәтеріне жайғас», «Өз үйінді тап», «Қапшықтан неше ойыншық алдың?» ойындары осы ұғымдарды тиянақтауға
--	--	--	--	---	--

					жүргізіп, ғарышқа адамның да баруға болатынын білген. Ең алғаш ғарышқа ұшқан Ресей азаматы ол- Юрий Гагарин. Ол 1961 жылы 12 сәуірде тарихта тұңғыш рет «Восток» ғарыш кемесімен Байқоңыр ғарыш алаңынан ғарышқа ұшты. 1991 жылы ғарышқа Қазақстаннан алғаш рет қазақ ғарышкері ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ұшты. Екінші болып Талғат Мұсабаев ұшты. Олар ержүрек, батыр, халық қаһармандары, еліміздің мақтанышы. Ал 2015жылы 12-і қыркүйекте Айдын Айымбетов ағаларың аспан әлеміне жол тартты. Яғни ғарышқа ұшқан үшінші қазақ азаматы. Мынау Байқоңыр ғарыш айлағы. Ол Қазақстанның Қызылорда облысында Қармақшы ауданы деген жерде орналасқан. Ғарышқа ұшар алдында олар осы жерде әртүрлі дайындықтан өтіп, арнайы білім алады. Ғарышта адам демалатын ауа жоқ, көлеңке жағы қатты суық, күн түсіп тұрған жағы өте ыстық болады екен. Ғарышкерлер үстеріне	септігін тигізеді. Қортынды. -біз қандай математикалық ұғымдармен таныстық? Сонымен, бұл сабақта жуан-жінішке, қалың-жұқа, жалпақ-жінішке ұғымдарын бір-бірінен ажыратып ұғымдарды дұрыс, орынды қолдана білуді үйрендік. Музыка Тақырыбы: Қопыраулар сыңғыры" С/мақсаты: түрлі қарқындағы музыканы тыңдап музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды. музыкалық ойындағы кейіпкердің кимыл-әрекетін салады.
--	--	--	--	--	---	---

					арнайы киім киеді. Ол «скафандр» деп аталады. Ғарыш кеңістігінде ауа жоқ болғандықтан тек осы арнайы киіммен жүре алады екен - Балалар, сендер ғарышкер болғыларың келе ме? - Балалар, кәне бойымызды жазып сергіп алайық. Сергіту сәті: Ал балалар тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Бой сергітіп алайық. Құрылымдалған Ойын: «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру» Ойын шарты: балалардың алдына аспанд абылатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б. Үлестірмелі материалмен жұмыс: «Зымыран құрастыру» Әртүрлі геометриялық фигуралардан зымыран құрастыру. (4 К моделі коммуникативтілік, сыни ойлау) Зымыран туралы әңгімелеу.	
--	--	--	--	--	---	--

					Жаңылтпаш. Ғарышкер ұшты ғарышқа, Ғарышқа ұшты ғарышкер, Айтшы, ғарыш алыс па? Қорытындылау. Сұрақ-жауап арқылы оқу қызметін пысықтау. - Балалар бүгінгі күн қалай аталады? - Ғарышкер дегенді қалай түсінеміз? - Біздер қандай ғаламда тұрамыз? - Ғарышқа сынақ ретінде бірінші болып қай жануар ұшты? - Қазақ елінен кім ғарышкерлер ғарышқа ұшты? Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау. Балалар, ғарышкер болуды армандайтын бала жоқ шығар? Ал ол үшін білімді, зерек, күш – қайраты мол азамат болып өсулерін керек. Өйткені, ғарышқа кез келген адамды ұшыра бермейді. Сол үшін апайларыңды тыңдап, тәртіпті, шыныққан бала болуларың керек. Токтар ағаларың, Талғат ағаларың сияқты Қазақстанның бетке ұстар	
--	--	--	--	--	--	--

					азаматтары болуларына тілектеспін.	
Серуенге дайындық		Балалардың киімдерін дұрыс киюін қалағалау.				
Серуен		Серуенде нені бакыладық, балалардың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын ояту. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1) (Бала үні, бакылау, деректерді тіркеу)				
Серуеннен оралу		Балалардың реттілікпен киімдерін шешу. Жеке бас гигиенасының ережелерін біледі және сақтайды.				
Вариативтік компоненттер, ойындар, дербес әрекет		Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1) «Ұйқыдағы аю» 2) «Қоян» (4К моделі)	Педагог жетекшілігімен ойын: Лото «Ертегілер» Вариативтік.Тақырыбы: Бақша ағаштары Мақсаты: Ер тегі тыңдап,оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйренеді	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Сұр қоян жуынады»	«Суретті біл» №13 Мақсаты: Балалардың тіл байлығын жетілдіру,елестету қабілетін дамыту. Ойын мазмұны: Бір баланың көзін байлап,алға шығарып,отырған балаларға көкіністі көрсетеді.Отырған балалар сөзбен сипатама береді.Мысалы: пішіні дөңгелек дәмі ащы.	«Жоғарыда-төменде» №16 Мақсаты: «Жоғарыда-төменде, биік-аласа» ұғымдарын түсінуге, байқағыштықты, зейінді, қиялды дамытады.

Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс		Жеке баламен жұмыс: Айзереге Сөйлеуді дамытудан «Менің көшем» әңгімесін сурет бойынша әңгімелеуге үйрету	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Ерболатқа қылқаламды дұрыс ұстауға үйрету	Жеке баламен жұмыс: Рамазанға Көркем әдебиеттен ертегі кейіпкерлеріне сипаттама беруді үйрету	Нариман мен Әмина Еркін тақырыпта сурет салуға үйрету	Інкәр мен Асылан Өздерінің сөрелеріндегі киімдерін бүктеп жинауға үйрету
Балалардың үйге қайтуы		Баланың бүгінгі жеткен жетістігі туралы әңгімелесу. Тұтас бала бейнесі	Баланың бүгінгі жетістігі туралы ата-анасымен әңгімелесу. Тұтас бала бейнесі	Ойын жаттығулары: «Қимылды қайтала» «шар жарылды» Тұтас бала бейнесі	Құрылымдалған ойын: . «Түрлі-түсті жолақтар»	«Жоғарыда-төменде» №16 Мақсаты: «Жоғарыда-төменде, биік-аласа» ұғымдарын түсінуге, байқағыштықты, зейінді, қиялды дамытады.

Бекітемін:

Бастауыш сыныптар жөніндегі

оқу ісінің орынбасары:

С.Мырзағалиева.

Сәуір айының 4 аптасының 25 - 29 аралығындағы шағын ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «Жер-Ана!»

Апталық тақырыбы: Көктемгі егістік»

Мақсаты: Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту, жер біздің ортақ үй екенін мұнда өзен, көл,теңіз бен мұхит,тау,жазық дала,орман мен алқаптар бар екенін түсіндіру.

Күн тәртібі	Уақыт ы	Дүйсенбі 25.04.2022	Сейсенбі 26.04.2022	Сәрсенбі 27.04.2022	Бейсенбі 28.04.2022	Жұма 29.04.2022
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.		Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың дене температурасын өлшеп, көңіл-күйлерін сұрау. Өрбір ата-анаға денсаулық сауалнамасын толтырту жұмыстарын жүргізу. (Коммуникативтілік)				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б)		Құрылымдалған ойын «Жаксылық жасау үшін не істеу керек?» Тәрбиеші балаларға адамның, құстардың, жануарлардың, өсімдіктерін суреттерін таратып, сол суретке карап, олармен дос болу үшін не істейтіні туралы әңгімелеп беруді ұсынады.	Педагог жетекшілімен жүргізілетін құрылымдалған ойын «Өз үйін тап» С/Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы біледі.	"Біреу және көп" С/Мақсаты:заттың санымен (бір-көп) таниды және атау дағдысы қалыптасады.	Педагог жетекшілімен жүргізілетін құрылымдалған ойын «Өз орнын тап» ойыны С/Мақсаты: түстерді тануға үйренеді.	Педагог жетекшілімен жүргізілетін құрылымдалған ойын «Кімің тап» Мақсаты: логикалық ойлау қабілеті дамиды.
		Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық		Балалармен ұйымдастырылатын оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың (белсенділік орталықтары) материалдарын, көрнекіліктерін, ойын материалдарын дайындау				

Ұйымдастырыл- ған оқу қызметтері	Дене шынықтыру. 1.Негізгі қимыл:«Кеңістікті бағдарлау»С/Мақсаты:Кеңістікті бағдарлайды..Көзді жұмып жүруге жаттығады. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Нан қайдан келді?» ертегісі С/Мақсаты: суретке карап әңгімелей алады, көктемгі еңбек түрлерін атайды. Нанды қадірлеуді түсінеді. Көрнекіліктер: бидай масағы, слайд, ұннан жасалған тағамдар, дәнді дақылдар, демонстрациялық материалдар. Сөздік жұмыс: диқан, наубайшы, наубайхана, комбайншы, диірмен. Әдіс–тәсілдер: Үйрету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ–жауап, сергіту сәті, жеке жұмысБалалар бидай	Дене шынықтыру. 2. Негізгі қимыл:«Егіншілік»С/Мақсаты:Гимнасти калық доғаға кезек адыммен өрмелеп шығады. құрсаудан секіреді. Құрастыру. Тақырыбы: «Құлыншақ» С/Мақсаты: дөңгелек пішінді қағазды тең екі жарты бөлікке бүктейді , құлыншақ бейнесін шығарады. - Балалар қазір сіздерге төрт түлік мал туралы мынандай өлең шумақтарын оқып берейін, сіздер жақсылап тыңдай қойындар. Мақсатым: жануарлардың кейпін есте сақтау. Төрт түлік малдың ең жүйрігі жылқы төлі – құлын жайында М. Әлімбаев атамыз былай жырлаған екен. Құлыншақ.	Дене шынықтыру . Негізгі қимыл:«Айналадағы табиғат» С/Мақсаты: Жүру әдістерін үйренеді, денелерін қимылдатады. Аяқ бұлшықеттерін жаттықтырады. Математика негіздері. Тақырыбы: «Тәулік бөліктері» С/Мақсаты: тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтайды, тәулік бөліктерін – таң, күн, кеш, түнді атайды және ажыратады. Көрнекі құралдар:Күн,ай,жұлдыздардың макеттері мен суреттері.Жұлдызшалар. Мотивациялық – қозғаушылық Шаттық шеңбері: Бақшамызға барғанда. Жолыққан бар жандарға,	Жаратылыстану. «Жаңбырдың пайдасы» С/Мақсаты: жаңбыр туралы оның пайдасын байқайды. Жапсыру. Тақырыбы: Бұршақты көйлек». С/Мақсаты: Көйлекті сәндеп жапсырады. Кеңістікті бағдарлайдыАлдын ала жүргізілетін жұмыс: киім үлгілері туралы әңгіме өткізу. Қажетті құрал-жабдықтар мен көрнекіліктер: үлестірмелі материалдар,дайын аппликация үлгілері,сүрткіш, Айжан есімді қуыршақ. Шаттық шеңбері. <i>Біз қандаймыз,қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз! Күлімдеген күлдейміз. Ән саламыз күнде біз, Шаттық толы іргеміз. Біз мәңгілік достармыз, Біз мәңгіге біргеміз.</i> Балалар шеңберге тұрып,тәрбиешінің іс-әрекетін қайталайды. Ұйымдастыру-	Орыс тілі.Тема: «Транспорт профессии» Цель: Познакомить с профессиями людей, связанными с тарнспортом. Закрепить знание о видах транспорных средств. Расширять знание детей о транспорте и профессиях, связанных с транспортом, закрепить умение детей отвечать на вопрос полным ответом. Создаю игравую мотивацию. Предлагаю работу с картинками. У кого картинки наземного транспорта – один хлопок в ладоши: У кого картинки водного транспорта- два хлопка в ладоши: У кого картинки воздушного транспорта- три хлопка. Предлагаю отправиться в путешествие в далекую волшебную страну Транспортландию, где живут разные виды
---	---	---	---	---	--

	масақтарын бір–бірімізге беру арқылы жылы лебіздерімізді білдірейік. - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Көктем мезгілінің айларын атаңдаршы? - Көктем мезгілінің ерекшеліктерін атаңдар? Жұмбақ жасыру: - Ұзын мұртты сарылар, Қойынында дәні бар - Үсті тас, асты тас Ортасында піскен ас. Бүгінгі біздің өтетін оқу іс - әрекетіміздің тақырыбы: «Нан дастарқанға қалай келеді?» - Ендеше, балалар, нан біздің дастарқанмызға қалай келеді? - деген сұраққа жауап іздеп көрейік. - Балалар,	Бұлшық етің бұлтыңдап, Қолды – аяққа тұрмайсың. Құндыз түгің жылтыңдап, Желден оза зырлайсың Асыр салып көп ойнап, Ақсап қалдың құлыншақ. Жүрмейсің бе абайлап, Болмасаңшы ұрыншақ..	Ертемен ақ пейілмен. «Қайырлы таң» деймін мен, Күндіз де елді елеймін. «Қайырлы күн»тілеймін, Үйге кешке келемін. Не дерімді білемін, «Кеш жарық» деп кіремін! Ұйымдастыру – іздестіру. Жарайсыңдар,балалар.Бүгін бізге көптеген апайлар келіп отыр екен.Біз өзіміздің қандай ақылды екенімізді,сабаққа жақсы қатысатынымызды көсетейік ия! Бүгін біз тәулік бөліктері жайлы сабақ өтеміз. Жұмбақ шешіп жіберейік.Бұл жұмбақтың жауабы тәулік бөліктерінің бірі болып табылады.	Ізденістіру -Балалар,бүгін бізге қуыршақ Айжан қонаққа келді.Бірақ Айжанның көңіл күйі жоқ екен. Себебі,қызыл көйлегіндегі бұршақтары түсіп қалыпты. -Сендер Айжанға көйлегіңнің бұршақтарын жапсыруға көмектесесіңдер ме? -Айжанның көйлегінің түсі қандай екен? Сөздік жұмыс: киім. -Бұршақтардың пішіні қандай? -Бұршағының түсі қандай екен? -Балалар,Айжанның көңілін көтеру үшін көйлегіне бұршақты жапсыруды бастайық. Дөңгелек бұршақтарды Айжанның қызыл көйлегінің жемдеріне,кеудесіне және етектерін жапсырамыз.Айжанның бұршақ көйлегі дайын болды.Айжан да қуанып қалды. Сергіту сәті: <i>Тырс-тырс,тырс-тырс!</i> <i>Жаңбыр көп жауады.</i> <i>Тамшылар тамады,</i> <i>Тырс-тырс,тырс-тырс!</i> <i>Терезені қағады.</i>	транспорта. Но прежде чем отправиться в путешествие предлагаю составить рассказ по плану, дополнив нужными словами по замыслу « на доске выставляется наглядный план». Упржнения « Расскажи-ка». Буратино летом собрался летом отдохнуть на море. Из дома Буратино (что сделал?)....(вышел?), речку по мостику он....(перешел) и дальше....(пошел). Буратино к дороге....(подошел), на (мотоцикл) сел и....(поехал). По дороге ехал, на горку....(въехал), с горки....(съехал), и на железнодорожный вокзал....(приехал). На (поезд) Буратино сел и(поехал). В город....(приехал), изпоезда вышел, остановку нашел и к ней....(подошел). Буратино в(машину) сел и в аэропорт поехал. В
--	--	--	--	---	--

	айтыңдаршы күнделікті біздің дастарқанымызда қасиетті, кәдірлі қандай тағам тұрады? - Дұрыс олай болса нанның дастарханға қалай келетінін әңгімелеп берейін. (Педагог слайд арқылы балаларға түсіндіреді) -Алдымен трактормен жерді жыртады, дикандар ол жерге бидайдың тұқымын тастайды. Бірнеше күндерден кейін дәндер өсе бастайды. Бидайдың сабақтары пайда болады, оны дикандар үнемі суарып отырады. Күзде астықты комбайндармен орады және үстерінен бастырады. Бидайды диірменге апарып тапсырады. Аппак болып ұн дайындалады. Қап – каптармен ұнды наубайханаға тасиды.	Қызыл күлше тау асады, Ыстық нұрын шашады. Күн -Біз оянғанда не болады балалар ? таң атады -Біз далаға шығып ойнағанда күннің қандай бөлігі болады? Күн болады. -Балалар сендер балабақшадан үйге қайтқанда қай уақыт болады?Кеш уақыты болады -Біз қай кезде ұйқыға жатамыз?түн болғанда Сонымен балалар тәулік бөліктері ол: -таң -күн -кеш -түн	<i>Жылғалар ағады, Жаңартып ауаны, Жаңбыр көп жасады.</i> Балалардың жапсырған жұмыстарын тақтаға іліп қояды,көрытындылайды. Тәрбиешінің қойған сұрақтарына жауап береді. -Иә,көмектесеміз. -Көйлегінің түсі қызыл. Қайталайды: киім. -Дөңгелек. -Ақ. Балалар тәрбиешінің айтқаны бойынша тапсырманы орындайды. Рефлексивті-түзетушілік Рефлексия: -Балалар,бүгін біз не істедік? -Айжанның көйлегіне не жапсырдық? -Бұршақтың түсі қандай? -Айжанның сендерге деген алғысы шексіз.Сендерге үлкен рахмет.	аэропорту сел на...(самолет) и...(полетел). Лес он (пролетел), горы...(перелетел), летел, летел и...(прилетел). Сел он на...(катер) и от берега....(отплыл). К пляжу он...(приплыл) и стал отдыхать. Упражнение « Объясни слово». Вот задачи мы решаем, И словечки получаем, Части слова мы слагаем, В играх транспорт повторяем. Самолет получаем самолет. Почему так называем- самолет, самоход, вертолет, луноход, молоковоз, вездеход? Поедем дальше на автобусе в поисках светофора. Физкультминутка.
--	--	---	--	---

	Онда ұн иленіп, нан пісіріледі. Нан таситын көліктермен дайын нандарды дүкендерге әкелінеді. Дүкенде нанның бірнеше түрлері: бөлке, тоқаш, батон, торттар, печениелер, бауырсақтар, бәліштер сатылымға шығарылады. Нан дастарқанға келгенше қаншама адам еңбек етеді. Мұның бәрі – адам еңбегі. - Бидай неден өсіп шығады? - Бидайды немен жинайды? - Күзде дайын болған өнімді қалай атайды? - Бидайдан шыққан ұнды қайда әкеледі? - Егін өсірушілердің мамандықтарын атандар. <i>Сөздік жұмыс:</i> диқан, наубайшы, наубайхана,		Екен. Өте жасы балалар.Жарайсыңдар.Қи мылды ойын: «Күн мен түн» Мақсаты:Күн мен түн жайлы түсініктерін кеңейту,адамгершілікке үйрету. (Күн шықты,Түн болды) Дидактикалық ойын: «Түнгі аспан» Мақсаты:Оңға дейін санап уйрену,Жұлдыздардың пішінін білу,қара түсті білу,мейірімділікке,досты кқа үйрету. Аяқ деген топ топ Алақаным шап шап шап1,2,оңға1,2 солға Айналамыз біз оңға. Мадақтау:Балаларға жаксы жұмыстары үшін жұлдызшалар таратып		Мы в автобусе дружно сели И в окошко посмотрели Наш шофер педаль нажал И автобус побежал. Посмотрите, ребята, мы приехали прямо к Светофорчику. (Выставляю макет светофора) Для чего нужен Светофор? Игра « Светофор». Показываю карточки (кружочек красного, желтого, зеленого цвета). На красный круг-стой. На желтый круг- хлопай в ладоши. На зеленый круг- шагай на месте. Просим помочь Буратино разобраться, кто каким видом
--	--	--	---	--	--

	комбайншы, диірмен. <i>Сергіту сәті:</i> Жайқалады ақ бидай, Басын иіп аққудай. Трактормен комбайн, Жүргізуге мен дайын. <i>Қызықты сәт:</i> «Нанды қадірлейік» - Али мен Айя мультфильмінен үзінді. - Балалар көрдіңдер ме кейбір балалар нанмен ойнайды. Нанды тойғанынша жеп, қалғанын лақтырып тастайды. Бұл дұрыс емес. Нанды қадірлеуіміз керек. <i>Демонстрациялық материалмен жұмыс.</i> Сендер нанға қатысты қандай мақал-мәтел, тыйым сөздер білесіңдер? - Балалар бәріміз үстел жанына жақындап тұрайық, не көріп тұрсыңдар? - Бұларды бір сөзбен	беру. Рефлексивті – түзетушілік -Балалар біз тәуләк бөліктерімен таныстық па? -Біз неше жұлдыз жабыстырдық? -Ойындар сендерге ұнады ма?	транспорта управляет. Словарная работа: вагоновожатый. Кто водит автобус, автомобиль? Кто управляет поездом? Кто летает на ракете? Кто управляет кораблем? Кто водит трамвай? Кто ездит на мотоцикле? Кто ездит на велосипеде? Кто летает на вертолете?
--	---	--	---

	қалай атаймыз? - Дәнді дақылдардың ішінде қайсы түрінен бидай тартылып, нан пісіріледі? - Қазіргі уақытта бұл дәнді дақылдардың ішінен бидай мен кара бидайды нан пісіруге көп қолданады. - Сендердің аналарың үйлеріңде ұннан тағы не пісіреді? Суретсалу. Тақырыбы: «Жол бойымен арба келеді». (сюжеттік с\с) С/Мақсаты: Арба көліктің бірі екенін түсінеді. Қарындашпен үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салады.				Билингвальный компонент: машина-машина, поезд-Музыка. Тақырыбы: Бидай" С/Мақсаты: көңілді әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала алады. Жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айтады. Ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай алады. ойындардың ережесін сақтап ойнайды.
--	--	--	--	--	--

Серуенге дайындық		Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру. Серуенге ойын материалдарын таңдау.				
Серуен		Серуенде нені бақыладық, балалардың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын ояту. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1) (Бала үні, бақылау, деректерді тіркеу)				
Серуеннен оралу		Балалардың реттілікпен киімдерін шешу. Жеке бас гигиенасының ережелерін біледі және сақтайды.				
Вариативтік компоненттер, ойындар, дербес әрекет		Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1) «Доп кімде» 2) «Ұйқыдағы аю»	Әтеш пен тоты» ертегісін айту. (Бала үні, коммуникативтілік	Көп-аз ұғымдарын атау.	Ойын «Кімнің заттары?» (Достарының заттарын анықтау) Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	«Құрылысшы» Максаты: Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс		әңгіме құрастыру. «Мысығым» Максаты: Сүйікті жануары туралы әңгімелету.	Цифрларды қайталау. 1 ден 10 ға дейін санату. Максаты: Есте сақтау қабілетін арттыру	Орыс тіліндегі қарапайым сөздерді жаттату. Максаты: Мағынасын ашу. Дұрыс айта білуге баулу	Әріптерді дұрыс дыбыстауға үйрету. Әңгіме құрастыру. Ата-әже туралы айту. Олардың немерелерін қалай еркелететіні жайлы айту. Максаты: Отбасындағы қарым-	

					қатынасты дәріпте	
Балалардың үйге қайтуы		Үйде ертегі айтасызба? Тақырыбында ата-анамен пікірлесу. Тұтас бала бейнесі	Баланың бүгінгі жетістігі туралы ата-анасымен әңгімелесу. Тұтас бала бейнесі	Ойын жаттығулары: «Қимылды қайтала» «шар жарылды» Тұтас бала бейнесі	Құрылымдалған ойын: «Түрлі-түсті жсолақтар»	«Жоғарыда-төменде» №16 Мақсаты: «Жоғарыда-төменде, биік-аласа» ұғымдарын түсінуге, байқағыштықты, зейінді, қиялды дамытады.